


Келісемін

«Балбұлақ» МДҰ әдіскері:

Г.А.Туремуратова м.у.а. 

«Бекітемін»

«Балбұлақ» МДҰ меңгерушісі:

Х.К.Калжанова 



**Тақырыбы:**  
**«Күн дидарлы Қазақстан»**  
**(ертеңгілік)**

**Өткізген:** «Ақбота» тобы

**Тәрбиеші:** Булекбаева.Ж.Р

2022-2023 оқу жылы

## «Күн дидарлы Қазақстан!»

**Мақсаты:** Балалардың Отаны, Рәміздері, Елбасы, желтоқсан оқиғасы, Тәуелсіздік күні туралы түсініктерін молайту. Отанын, елін сүйуге тәрбиелеу. Тәуелсіздік қасиетті ұғым екеніне көз жеткізу. Болашаққа сеніммен қадам басу.

**Көрнекіліктер:** Еліміздің мемлекеттік рәміздері, әртүрлі буклеттер, Отан, туған жер туралы мақал-мәтелдер, альбомдар, интерактивтік тақта.

**Тәрбиеші:** Рәміздерім – елдігімнің белгісі,  
Білу керек бала – дағы ең кіші.  
Рәміздерім- ӘНҰРАН, КӨК ТУ, ЕЛТАҢБА,  
Рәміздерді жатқа білген жөн кісі.

**Хор:** Әнұран

### 1 минуттық үнсіздік

**Тәрбиеші:** Балалар, біздің Отанымыз қалай аталады?

**Балалар:** Қазақстан.

**Тәрбиеші:** Қазақстан қандай мемлекет?

**Балалар:** Қазақстан тәуелсіз, егеменді мемлекет.

**Тәрбиеші:** Балалар, бүгін міне осы Тәуелсіздік мерекесі күні. Еліміздің президенті кім?

**Балалар:** Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев

**Тәрбиеші:** Еліміздің елордасы қай қала?

**Балалар:** Астана.

**Тәрбиеші:** Астана қандай қала?

**Балалар:** Астана-бас қала, әдемі, үлкен қала.

**Тәрбиеші:** Дұрыс айтасындар, балалар.

**Ән:** «Біз бақытты баламыз»

**Тақпақтар:**

16 желтоқсан құрбандары туралы слайд көрсету.

**Тәрбиеші:**

Қуат алған өзінен,  
Туған елдің ұлымын.  
Бақытты етіп өсірген,  
Отанымның гүлімін.

**Би: Тұлпар**

**Тәрбиеші:** Қасиетті Қазақстан мекенім,  
Ақиқаттың алтын бесігі екенсің.  
Елім, жерім, Отаным – бақ - дәулетім,  
Болашағым, өнер - білім, өркенім.

**Би:** Тәуелсіз (Қыздардың орындауында)

**Ойын:** «Туған жерді гүлдендір» Балалар алдын ала суреттері жапсырылған түрлі-түсті гүлдерді алып, әуен ырғағымен жүріп Қазақстан картасына апарып гүлдерін орналастырады.

**Тәрбиеші:** Балалар, қараңдаршы біздің Қазақстанымыз, туған жеріміз қандай әсемденіп, көркейіп кетті. Еліміздің болашағы сендерсіңдер.

**Ән:** «Тәуелсіз ел ұраным»

**Тәрбиеші:** Дүниеде тәуелсіз Қазақстан бар,  
Әлемде егемен Қазақстан бар.  
Оның көп ұлтты тату, ынтымақшыл халқы бар,  
Бүгіннен кемел болашағы бар,-дей келе «Күн дидарлы  
Қазақстаным» атты тәрбие сағатымызды аяқтаймыз.

«Бекітемін»  
«Балбұлақ» МДҰ меңгерушісі:  
Х.К. Қалжанова



***Тренинг тақырыбы: «Ойнап дамыймыз»***

*Өткізген педагог-психолог: Ахметалина Динара Жүсіпқызы*

**Ашық сабақ**

**Психолог:** Д.Ж.Ахметалина

**Тақырыбы:** «Ойнап дамыймыз»

**«Балбұлақ» МДҰ «Ақбота» ересек тобымен**

**Сабақтың мақсаты:** Балаларға ойын арқылы білімдерін шындай отырып, түстерді таныту, балаларға әр түрлі тапсырмалар арқылы есте сақтау, ойлау, қабылдау қабілеттерін дамыту. Балалардың көңіл-күйлерін көтеру.

**Сабақ барысы:** Балалалар залға кіріп, шеңбер жасап тұрады.

**Психолог:**

Өздерін таныстыру.

**Сәлемдесу жаттығуы**

**Біз қандаймыз, біз қандаймыз**

**Шұғылалы таңдаймыз**

**Бір-бірімізді қолдаймыз**

**Көңіл-күйіміз өте жақсы**

**Қателесуден қорықпаймыз!**

Қайырлы таң, балалалар! Мен сендерді көргеніме қуаныштымын! Мен өзімнің жылуымның бір бөлігін сендерге бергім келеді. Кәнекей бір-біріміздің қолымыздан ұстап, алақанымызбен жылуымызды бір-бірімізге таратайық. Сендер менің жылуымды сездіңдер ме? Менде сендердің жылуларыңды сездім. Ал енді бір-бірімізге күлімдейік, сонда біздің көңіл-күйіміз одан сайын жақсара түседі.

**Психологиялық ойын және жаттығулар:**

**«Түстерді жүріп өт»** Матада әр-түрлі түстер берілген. Психолог қандай түс көрсетсе, балалар сол түспен жүріп өтеді.

**Мақсаты:** түрлі-түстерді ажыратуларын дамыту.

**«Затты алу»** Психолог дене мүшелерін атайды да,соңында затты атаса балалар затты бірінші алу керек.

**Мақсаты:** балалардың дене қимыл іс-әрекеттерін дамыту.

**«Аяқ билесін»**

Балаларды музыка арқылы аяқтарын қозғалысқа келтіру, есту қабілеттерін дамыту, көңіл-күйлерін көтеру.

**«Массаж жасау»** балалардың музыка ырғағымен қолдың қимыл әрекетін бағдарлауы.

**«Түсті таны»**

**Мақсаты:**

Орындықтарың үстімен газетке шарды мінгестіріп, шарларды түстеріне қарай тазикке салу.

**«Кім жылдам»**

**Мақсаты:** Балаларды шапшандыққа, жылдамдыққа үйрету.

Балаларға аяқ арқылы қағазды тарту тапсырылады. Қағазда суреттер бейнеленген. Психолог атаған суретті екі бала қарама-қарсы аяқпен тартады.

Қортынды: Балалар бүгін тренингте не істедік?

Қандай әсер алдыңдар?

Қане бір-бірімізге жылы сөзер айту арқылы бүгінгі тренингімізді аяқтайық.

Сін әдемісің!

Сен күштісің!

Сен мықтысың!

Біз барлығымыз біргеміз!

**Психолог: Д.Ж.Ахметалина.**

«Бекітемін»  
«Балбұлақ» М.Т. меңгерушісі:  
Х.К.Калжанова 




*«Балбұлақ» мектепке дейінгі ұйым  
педагог-психологы  
Ахметалина Динара Жүсіпқызының  
2022-2023 оқу жылындағы қорытынды  
АНЫҚТАМА*

*Педагог - психолог: Ахметалина, Д.Ж.*

«Ақбота» ересек топ балаларының даму деңгейінің диаграммасы


**Жиынтық қортынды есебі 95%**



Ақпан айында «Ақбота» ересек тобымен «Суретті есте сақта» әдістемесін өткіздім. Осы әдістеме арқылы тоқтың пайыздық көрсеткішін шығардым: қабылдауы-21%, зейін-18%, Ойлауы-20%, есте сақтауы-20%, қиялы-16%. Барлығы: 95%

«Қарлығаш» - «Балбөбек» аралас тобы балаларының даму деңгейінің диаграммасы

**Жиынтық қортынды есебі 93%**



Ақпан айында «Қарлығаш» - «Балбөбек» аралас тобымен «Ойыншық туралы әңгімеле» әдістемесін өткіздім. Осы әдістеме арқылы тоқтың пайыздық көрсеткішін шығардым: қабылдауы-20%, зейін-18%, Ойлауы-20%



жеке тұлға болып қалыптасуына ата-ана тәрбиесінің әдіс-тәсілдерін жетілдіру мақсатында «Баланың балабақшаға бейімделуі», «Сіз балаңызға қаншалықты көңіл аударасыз?» «Балаңыз қандай ойындарды ұнатады?» «Сіздің мінезіңіз қандай?» «Өз балаңызға жеткілікті көңіл бөлесіз бе?» «Сіз балаңызды жақсы білесіз бе?» сауалнамалар алынып отырды. «Тәрбие отбасынан басталады», «Баланы әдептілікке тәрбиелеу», тақырыбында баяндамалар және де жыл бойы ата-аналарға кеңестер берілді.

Педагогтарға арналған сауалнамалар, «Қарым-қатынаста мен қандаймын» «Жабығу сәтінде өз мінез-құлқына баға беру» «Сіз ботей адамның әсеріне қаншалықты жие ұшырайсыз» сауалнамалар алынды, «Ел болашағы ұлттық тәрбиеден басталады», «Ұжымдық.Достық.Әріптестік» «3-жастағы дағдарыс» «Буллинг» туралы ата-аналар мен педагогтарға презентация көрсетіліп, кеңестер берілді. «Баланың дұрыс сөйлеу дағдысын қалыптастыру» мақсатында баяндамалар, тренинг жаттығулар, профилактикалық жұмыстар жүргізіліп, педагогтарға кеңестер берілді. Жас мамандардан сауалнама алынып, жас маманға нұсқаулық берілді.

Жиынтық есеп «Ақбота» ересек топ тәрбиеленушілерінің танымдық даму динамикасының дамуын бастапқы бақылау нәтижесі:

Қабылдау 21%

Ес 20%

Ойлау 20%

Зейін 18%

Қиял 16%

Жиынтықтың қортынды есебі: 95%

Жиынтық есеп «Қарлығаш», «Балбөбек» аралас тобы тәрбиеленушілерінің танымдық даму динамикасының дамуын бастапқы бақылау нәтижесі:

Қабылдау 20%

Ес 19%

Ойлау 20%

Зейін 18%

Қиял 16%

Жиынтықтың қортынды есебі: 93%

«Балбұлақ» мектепке дейінгі ұйым педагог-психологы  
Ахметалина Динара Жүсіпқызының 2022-2023 оқу жылындағы қорытынды  
АНЫҚТАМА

Педагог-психологтың 2022-2023 жылдық жоспары

- Балалармен жұмыс
- Диагностика
- Түзету – дамыту жұмысы
- Педагогтармен жұмыс
- Консультациялар-кеңестер
- Ата-аналармен жұмыс
- Психологиялық қолдау.

Мақсаты: тұлғаның жеке және жас ерекшелігін, тұлға аралық өзара әрекетін ерекшеліктерін зерттеу.

- балақшаға алғаш келген кезеңі
- жастан-жасқа өту кезеңі
- тұлғалық даму кезеңі
- баланың креативті дағдылығы
- балаларды мектепке даярлау кезеңі болып табылады.

Танымдық үрдістері: ойлау, қиялдау, есте сақтау, қабылдау, зейін.

Балалардың балабақшаға бейімделуін анықтау мақсатында балабақшада тәрбиеленуші әр балаға жеке паракша арналып, топтағы әр баланың психологиялық дамуын, жас ерекшеліктеріне қарай жеке жұмыс түрлерін, диагностикалық жұмыстар, жеке баламен, гипербелсенді баламен, олардың күнделікті эмоционалдық көңіл-күйлерін, басқа балалар ұжымымен қарым-қатынасын, оқу іс - әректіне және ойында деген қызығушылығын бақылау жұмыстары жүргізілді.

«Ақбота» ересек тобы тәрбиеленушілерімен балалардың өзара қарым-қатынасын, таным процестерін дамыту мақсатында: «Қиынсыздықтар» «Жыл мезгілдері» «Кері бейнелер» «Суретте не жетіспейді» «Кері-Йирасиктың мектепке оқуға даярлық жөнінде бағдарлау сынағы» әдістемелері дамыту-түзету жұмыстар жүргізілді. Ойнан дамыймыз қорытынды тренинг өткізілді.

«Балбөбек» «Қарлығаш» аралас тобы балаларымен таным процестерін дамыту мақсатында: «Не жоғалды» «Жеткілікті бөлшекті іздеу» «Кімге не жетіспейді» «Суретті есінде сақта» дамыту-түзету жұмыстары Қыркүйек, Қазан айларында жүргізілді. Ұсақ қол моторикасын дамыту мақсатында саусақ жаттығулары, баланы дамыту ойындары әр аптада 1-рет жоспарға сай өткізіліп отырады. Баланың топтағы мінез-құлықтарын, өзіндік бағалауын қалыптастыру мақсатында ойындар мен тапсырмалар жаттығулар жасалынды.

Балабақшадағы жеке баламен жұмыс балалармен артикуляциялық жаттығулар жасалды. Гиперактивті баламен, ұжымымен, тәрбиешілермен, ата-аналарымен

«Балбұлақ» мектепке дейінгі ұйым педагог-психологы  
Ахметалина Динара Жүсіпқызының 2022-2023 оқу жылындағы қорытынды  
АНЫҚТАМА

Педагог-психологтың 2022-2023 жылдық жоспары

- Балалармен жұмыс
- Диагностика
- Түзету – дамыту жұмысы
- Педагогтармен жұмыс
- Консультациялар-кеңестер
- Ата-аналармен жұмыс
- Психологиялық қолдау.

Мақсаты: тұлғаның жеке және жас ерекшелігін, тұлға аралық өзара әрекетін ерекшеліктерін зерттеу.

- балақшаға алғаш келген кезеңі
- жастан-жасқа өту кезеңі
- тұлғалық даму кезеңі
- баланың креативті дағдылығы
- балаларды мектепке даярлау кезеңі болып табылады.

Танымдық үрдістері: ойлау, қиялдау, есте сақтау, қабылдау, зейін.

Балалардың балабақшаға бейімделуін анықтау мақсатында балабақшада тәрбиеленуші әр балаға жеке паракша арналып, топтағы әр баланың психологиялық дамуын, жас ерекшеліктеріне қарай жеке жұмыс түрлерін, диагностикалық жұмыстар, жеке баламен, гипербелсенді баламен, олардың күнделікті эмоционалдық көңіл-күйлерін, басқа балалар ұжымымен қарым-қатынасын, оқу іс - әректіне және ойында деген қызығушылығын бақылау жұмыстары жүргізілді.

«Ақбота» ересек тобы тәрбиеленушілерімен балалардың өзара қарым-қатынасын, таным процестерін дамыту мақсатында: «Қиынсыздықтар» «Жыл мезгілдері» «Кері бейнелер» «Суретте не жетіспейді» «Кері-Йирасиктың мектепке оқуға даярлық жөнінде бағдарлау сынағы» әдістемелері дамыту-түзету жұмыстар жүргізілді. Ойнан дамыймыз қорытынды тренинг өткізілді.

«Балбөбек» «Қарлығаш» аралас тобы балаларымен таным процестерін дамыту мақсатында: «Не жоғалды» «Жеткілікті бөлшекті іздеу» «Кімге не жетіспейді» «Суретті есінде сақта» дамыту-түзету жұмыстары Қыркүйек, Қазан айларында жүргізілді. Ұсақ қол моторикасын дамыту мақсатында саусақ жаттығулары, баланы дамыту ойындары әр аптада 1-рет жоспарға сай өткізіліп отырады. Баланың топтағы мінез-құлықтарын, өзіндік бағалауын қалыптастыру мақсатында ойындар мен тапсырмалар жаттығулар жасалынды.

Балабақшадағы жеке баламен жұмыс балалармен артикуляциялық жаттығулар жасалды. Гиперактивті баламен, ұжымымен, тәрбиешілермен, ата-аналарымен

Үсыныс:

Балалардың балабақшаға танымдық қабілеттерін арттыру жан-жақты зерттеу дамытуға арналған ойын жаттығулар, тренингтермен толтыру.

Балалардың ұйымдастырылған оқу қызметіне деген қызығушылықтарын дамытуға арналған жаңа әрі қызықты ұсақ қол моторикаларын дамыту технологияларын пайдалануға деген ұсыныстар білдіремін. Ендігі оқу жылына тілінде ақауы бар балалармен жұмыс жасау.

Педагог -психолог:



Ахметалиева Д.Ж